

№1 көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Атасу кентінің әкімінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 03 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 ақпанда № 5708 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі қорытындысына сәйкес, Атасу кентінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. №1 көше – Жаңа нұр көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімінің м.а

М.Н. Қуанышбеков